

ЖАЛЫН

Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал



Поэзия

А.Елгезек

Жараланған бір
бұтақта Жаным түр

Тарих және біз

М.Әбдіәкімұлы

Қоқан хандығының тарихы

Әлем әдебиетінің
классиктері

М.Твен

Әр күннен қаңған бір белгі

Мәдени тұра

Д.Бұскакұлы

Түркі алемінің
рухани жұлдыздары



Момбек ЭБДӘКІМҰЛЫ

1959 жылы тұган. Көкшетау университетінің қазақ тілі және әдебиеті факультетін бітірген. «Зобалаң», «Күн тұтылған мезгіл», «Естемес би», «Сулеймен қарақышы», «Қараман қарақышы», «Дүрбелең» сияқты романдар мен хикаялардың авторы. Әңгімелері мен түрлі тақырыптары мақалалары республикалық басылымдарда жарияланып тұрады.

ҚОҚАН ХАНДЫҒЫНЫҢ ТАРИХЫ

XIX ғасырдың басында Қоқан хандығы Қазақстанның оңтүстік облыстарын, атап айтқанда, қазіргі Қызылорда қаласы мен оның шығыс аудандарын, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарының дерлік аумағын, Алматы облысының батыс аймағын басып алғып, оларды 55 жылдай өз құзырында ұсталды. Бір өкінішті, осы кезеңнің шынайы тарихы әлі күнге дейін толық ашылмай, тым көмескі күйінде қалуда. Қазақ халқының өткенін баяндайтын барлық тарихи әдебиеттер мен зерттеулер жинақтарында да аталмыш кезеңнің сипаты – «Оңтүстік Қазақстан жерін 1808-1864 жылдар аралығында Қоқан хандығы жауап тұрды» дейтін жалпылама берілген мағлұмattan аспайды. Бекназаров, Наливкин, Вильяминов-Зернов, Назаров, тағы басқағалымдар мен жазбагерлердің осы мәселеге қатысты естеліктері де белгілі бір баяндаулардан аттап кете алмайды. Яғни, олардың ешқайсысы біз сөз етіп отырған хандықтың қазақ даласын қалай жаулағаны жөнінде көңіл көншітерліктең деректер көлтірмейді.

Осындаш шолак-шолак деректерге дең қойсак, Қоқан басқыншылары біздің қалай шабуылдағанда жергілікті қазақтарды мал сияқты кайырып ала салған тәрізді, болмаса олар келгенде әр шаһарлардың қақпалары өзінен-өзі ашыла салғандай әсерде қаласын. Расында, қоқандықтар біздің өлкені қалай жаулады, қандай тәсілдермен басып алды? Сонымен қатар, сол шақта оңтүстік қазақтарының жай-күйі мен түрмис тіршілігі қай деңгейде еди?

Қазактар оларға қай деңгейде қарсылық көрсете алды? Жалпы, Қоқан хандығы деген – қандай хандық? Ол қалай пайда болды және оның қазақ даласын жаулаудағы мақсаты нендей мүдделерден туыннады, ол елді қандай хандар басқарды, сондай-ақ сол кездегі тарихта оның алар орны бар ма? Біз осы мақаламызда атаптың сұрақтарға жауап іздеуді һәм оған қатысты жиып-терген мәліметтеріміздің бәрін жайып салмақпиз.

Сөз басында айтайын: бүтін біз көтеріп отырған кезең тарихына қатысты кезінде Қоқан хандарының жеке хаткерлері жазып калдырған, ал бүтінде Ферғана, Наманған, Ташкент, Санкт-Петербург мұрагаттары мен кітапханаларында шаңbastы болып жатқан нақты да дәл жәдігер дереккөздер өте мол. Оған қоса, сол заманың тарихын жазып калдырған ферғаналық авторлардың, мәселен, Мырза Каландардың «Тарихи-и-Омар хан», Мұхаммед Хәкімнің «Мұнтахәп аттауарих», Молда Нияз Мұхамедтің «Тарихи-и Шахрух», Әбу Убайдуллахтың «Құласат әл-ахуал», Мұхамед Салықтың «Тарихи үәләят Ташканд» атты еңбектерінде атаптың хандық туралы көптеген мағлұмattar бар. Әрі ондағы мәліметтер талай дүдемал даталар мен күдікті фактілердің, болжам мен кисын бойынша жазыла салынған деректердің түп тамырын айқындалап, ажыратып береді. Содан да болар, Қоқан хандығының қазақ жерлерін қалай басып алғаны және де сол замандағы қоқан-қазақ билік құрылымдары мен әлеуметтік һәм әскери ахуалының қандай болғаны, басқыншылар мен корғанушы жақтың іс-әрекеттері туралы жазған Өзбекстан тарихшылары мен жазбагерлерінің еңбектері жоғарыда біз атаған зерттеушілердің шығармаларына қарағанда, әлдеқайда нанымдылау, әрі молдау. Әлбетте, қай халықтың жазбагері немесе зерттеушісі болса да кейде болған уақығалар мен



өткен тарихтың болмысын өз халқының мұддесіне орайластыра жазатыны бар. Солай болғанмен де ондайлар, бәрібір, түбі ақиқат шеңберінен алшактап кете алмайтыны тағы рас... Қалай айтсақ та, бүтінгі мақаламызды сондай мұрагаттық көне деректер мен есқи жазбалар негізінде туындаған ойлармен тізбектей отырып, алдымен Қокан хандығының құрылуы мен нығаоы жөнінде қыскаша мағлұматтар бере кетейік.

ХАНДЫҚ ҚАЛАЙ ҚҰРЫЛДЫ?

Қазақта көне тайпалар аттарын жеке-жеке кісілер есімдеріне айналдырған, одан соң өте тар ұғымда айтылғанымен, астарында орасан мән-мағына жатқан жүздік, рулық құрылымдарды ауызша қалыптастырған шежіре бар. Сол шежіреде Ұлы жұ Ақарыстың үшінші ұрпағы Төбе бидің төрт баласының бірі Меркіден – Мыңқұз, Қырықпанжұз деген рулары тарайды деп көрсетілген. Ары қарай олардан ұрпак таратпайды да, екеуінің жұрты қашғарлық ұйғырлар мен өзбектерге сіңіп кеткен деп келте қайырады. Расында, түбі түркі текес халықтар қатарына жатып, арғы тегі қазақтармен тамырлас болған мыңқұз бен қырықпанжұз XV ғасырдың аяғында Жетісу мен Қашғар өніріндегі Моголстан хандығы ыдыраған кезде ассимиляциялық жолмен бір жағы – ұйғыр, бір жағы – өзбек этностарына сіңіп кеткен. Бұл екеуі өзбек пен ұйғырдың басқа тайпаларымен араласып, XV-XVIII ғасырлар аралығында Фергана жазығы мен Қашғар арасын жайлаған. Уақыт өте келе, өзбек арасында мыңқуздер (мингілер) санының көптігімен және билікке күмарлығымен үстем тайпаға айналған.

Байырғы өзбек-тәжік жазбагерлері Мыңқұзді – «Минка юз», (кейінгі тарихшылардың жазуынша – минг, менгі) Қырықпанжұзді – «Қарақпин юз» деп жазған. Олардың жазуы бойынша, кейін үлкен хандыққа айналған, бастапқыда бектік (ұлыс мағынасында) аталған Қоканды алғаш құрган Ерезеноғлы Шахруқ бек осы мыңқұз (минка юз) тайпасының Тобағыш тармағынан шыққан. Қазіргі ғылыми айналымдағы осы бір мәлімет – нақты тарихи дерек бол есептеледі.

Шахрухтың кезінде бұл өлкө Бұқар хандығына бағындырылған еді, әрі мұндағы қышлақ-кенттерге Сейіт әuletінен тараған қожалар үстемдік құратын. XVIII ғасырдың басында Бұқар билеушісі Убайдулла Фергана жазығындағы жұртқа қатты қысым жасайды. Бұған наразы болған мыңқұз-менгі тайпасының көсемдері өздерінің сондарына басқа да ферганалық жұрттарды ілестіріп, әмірліктен тәуелсіз болу әрекетіне кіріседі. Наразы жұрттың көсемдері әп дегендеге-ақ өздеріне басшы етіп, Шахрухты таңдайды. Бірақ Шахрух не Шыңғыс ханың, не Афрасиаб әмірлерінің ұрпағы емес-ті. Сондықтан да сол кезгі қалыптасқан қоғамдық жүйе бойынша, хан атануға немесе әмір атануға қақы жоқ-ты. Дегенмен оны жактаушы жұрттың көсемдері мен ақсақалдары

Шахрухтың шыққан тегін Ақсак Темірдің ұрпағы Бабырмен байланыстырған «Алтын бесік» анызын ойлап тауып, елге жария етеді (Бұл туралы қырғыз жазушысы Т.Қасымбековтың «Сынған қылыш» атты кітабында көнірек әңгімеленген). Сөйтіп ол Бабырдың ұрпағы ретінде танылып, Бұқардан бөлінген жеке бектіктің бегі бол сайланады. Бұл уақыға – хижраның 1123 жылы, ал біздің санақпен 1709 жылдың кара күзінде іске асқан.

Шахрухтың бектік туы астына жүртты алғаш үйістырған жері – Марғұлан үзілітінде қарасты Қокан қышлағы. Алған бетінен қайтпайтын, катал да ержүрек әрі сөзге шешен Шахрух бек айналасы аз жылдың ішінде жан-жағындағы Марғұлан, Наманған иеліктеріндегі жерлерді тартып алып, Қокан бектігінің билігін нығайтады. Және де басып алған жерлеріне сонау Қашғария мен Қысарда жатқан өзіне туыс мыңқұз бен қырықпанжұздің мындаған өкілдерін шақырып орналастырады.

Шахрухтан соң билік басына келген оның ұлы – Әбдірахым (билік құрган уақыты – 1721-1734 жылдар) бектіктің шекарасын одан ары кеңейтіп, Хоженд, Әндижан, Каттақорған шаһарларын және де Самарқан мен Жызак өнірлерінің оңтүстік аймақтарын өзіне қардатты. Одан кейінгі бек болған Әбдірахымның інісі – Әбдікерім (1734-1750 жылдар) Ош өлкесін жаулап алады. 1740 жылы бектіктің арнайы резиденциясы ретінде Қоканның как ортасынан өте үлкен сарай салдырады, сондай-ақ оның сыртын қоршатып, биіктігі үш құлаш камал түрғызады. Осыдан бастап бұл қала бектіктің рееси астанасы болып орнығады.

Әбдікерімнен соң билік құрган Әбдірахман небәрі бір жыл ғана бектік құрды. Оны алмастырған Елдана бек (1751-1770) үлкен саясаттың адамы болыпты. Ол Фергана жазығындағы ірі-ірі шаһарлардың билеушілеріне ықпалы құшті қазақ, тәжік, ұйғыр, өзбек, құрама билерін өзіне тартып, солар арқылы бектік аумағын кеңейтеді. Оның кезінде Қокан бектігі (1758 жыл) Бұқар мен Хиуда тарапынан жеке ел ретінде танылды. 1765 жылы ол қазақ иелігіндегі Ташкентке жорық ұйымдастырды. Алайда Абылай хан жетекшілік еткен қазақ сарбаздарынан жеңіліп, кері шегінді. Елданадан кейін бектік лауазымың ұстаған Һәм Қокан тарихында айтулы із қалдырған Нарбота бек те (1770-1799) Ташкент шаһары мен оның айналасын жаулап алмақ ниетпен еki рет бұл манға баса-көктеп кіреді. Осынау уақытта Ташкент шаһары төрт бекініске бөлініп, билікті бір-бірінен бейтарап төрт билеуші құзырында ұстайтын. Бірақ төрт бекіністін де билеушілерін бір ортага ұйымдастыра білген Төле бидің кенже ұлы, Ташкенттің Шайхантәуір бөлігінің биі Қожамжардан тұмсығы бұзылып, жорығы сәтсіздікке ұшырайды. Есесіне, ол қазіргі Тәжікстанның шығыс облыстарын құзырына қаратады да, XVIII ғасырдың аяғына таман Қокан бектігі бүкіл Фергана жазығына билік орнатып, оған Фергана, Әндижан, Ош, Каттақорған, Наманған, Марғұлан, Шұсты, Қасансай, Үратөбе, Өзгент



қалалары қарайды. Әлбетте, бір талассыз нәрсе – мұндай жетістіктің бәріне жеке билікті аңсаушы – Шахрух бек үрпактары жанкешті жорықтар арқылы қол жеткізеді.

«Қоқан хандығына қатысты жазбалар» атты жинақтағы деректерге сүйенсек, Нарбота бек хижраның 1212 жылы (1799) қайтыс болады да, оның орнына екінші баласы Әлім бектіктің тағына отырады. Ол таққа отырганда оның туыстары өзара билікке таласып, Әлімге карсы көтеріліс бастайды. Осының кесірінен бектіктің бірлігі әлсірейді. Ферганада осындай аумалы кезенді пайдаланып қалмақшы болған әрі бектіктің біраз жерін басып алуды ойлаған Ташкент билеушісі Жұнісқожа Әлімнің құзырындағы өлкеге соғыс ашады. Жұнісқожа мұның алдындаған (1798 жылы) Ташкентті Кожамжар бас болған қазақ билігінен тартып алған-ды. Өзбек тарихшыларының жазуынша, тубі қашғарлық үйір Жұнісқожа Қоканға қарсы сегіз мыңдық әскермен аттанады. Ташкенттен шыққан әскер Піскент, Ахангараннан өтіп, Бегабадқа жетеді. Жұнісқожаның ойы – тау етегімен жүріп отырып, Қоканға Бегабад, Хоженд арқылы тиіспек болған. Бірақ дер кезінде құлактанған Әлім бек Бегабад үстіндегі Қандыр асуында Жұнісқожа әскерін он екі мың сипай топтанған колмен қарсы алады. Үш күнге ұласқан соғыста Жұнісқожа қирай женіледі де, Ташкентке шегінеді. Бұл уақыға біздің санакпен 1801 жылы болған.

Бұдан кейін Әлім бек 5-6 жыл бойы Фергана жазынындағы ішкі қырқыстарды ретке келтіріп, бектіктің шекарасы мен билігін орнықтырады. 1806 жылғы ерте көктемде Нарботаның билігі уақытында Бұхар хандығына қарап кеткен Хоженд қаласын қайта басып алады. Бұл женіске мастанған ол, өзін хан жарияладап, Қокан бектігін Қокан хандығы деп өз хаткерлеріне реєми түрде жазғыза бастайды. Баяғы Әбдікөрім тұрғызған қала қорғанын бұздырады да, аумағын кеңейтіп, биіктетіп, жаңадан салдырады. (Жеті қақпалы осы қорған 1920 жылға дейін бұзылмай тұрған). Расында, осы кезден бастап оны сыртқы елдердің бәрі хандық деп мойындаиды.

Әлім өзін хан деп жариялаған шакта Қокан иелігінде 15 шаһар болған. Әскер саны 80 мыңдан асқан. Өзінен төменгі билік сатыларына өте сенімді адамдарын тағайындаған Әлім 1806 жылы күзде Жұнісқожа иелігіндегі Ташкентті шабады. Оны 20 мыңдық әскерімен үш-ақ күнде жаулап алады. Сейтіп, бүкіл Ташкент уәләятындағы (бұған Жизак, Шардара жерлері де косылған) қазақ, өзбек, құрама жүртінна қарасты қалалар мен қыстак-ауылдар Қокан хандығының иелігіне өтеді.

Әлбетте, ілкі заманнан Орта Азиядағы ең жазирилды өлкे атанған, Қытай мен Қашғардың, Үнді мен Парсының елдерінен келетін керуендер ететін, қазіргі тілмен айтканда, аса экономикалық маңызды бар Фергана өнірінде Қокан тәрізді жеке елдің пайда болғанын көрші хандықтар, асіресе Бұхар әмірлігі қаламағаны анық. Бірақ Қокан жеке

бектік құруға әрекеттеніп жатқан уақытта Бұхар мен Хиуа сыртқы басқыншылар тарапынан жапа шегүде еді. Хиуа Аралдың солтустігінен таяп келе жатқан орыс басқыншыларына аландаулы еді. Бұхар болса, түрікпен жерін көктей өтіп, өздеріне жіңі-жіңі қауіп төндірген Иран шахы Нәдір бастаған қызылбастиардың беттерін кайтарумен әлек боп жатты. Ташкент пен оның айналасындағы қазактар шаһардың жеке билігіне ұмтылған Жұнісқожаның, қала берді, тау асып келген қырғыздардың қолдарымен оқтын-оқтын шайқасып, өз тыныштықтарын қамтамасыз ету жолында күресуде-тін. Осындай жәйттерге байланысты жеке елдік мұдде жолында әрекетке кірісken қоқандықтарға кедергі келтіреп ешкім болмады. Анығын айтқанда, оның жеке ел болып қалыптасуына тарихтың өзі осындай ыңғайлы сәтті тудырып берді. Ал ол Әлім хан тұсында хандық ретінде нығайған соң жан-жағындағы елдердің бәрі онымен санаатын болды.

Қоқан билеушілерінің түп-тамыры Шыңғыс ханнан, болмаса Ақсақ Темірден тарамаған. Соған қарамастан, олар Шыңғыс пен Темір үрпактарының билік жүйесіне елікеп, оның негізін қалаған Шахрухтан бастап соңғы ханы Құдиярға дейін атадан немесе әкеден балаға ауысқан билік сатысын ұстанды.

ХАНДЫҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМЫ

Қоқан хандығы туралы сир шертетін қай жазбаны алсаныз да, алдымен сол хандықтың құрамында болған халықтардың аттары тізбектеледі. Әр жылдары өмір сүрген жазба авторлары бір-бірлерін білмесе де, ондағы халықтардың атауларын жаңылышпай, біреуі қалай жазса, екіншісі де солай жазады. Сондай авторлардың жазуы бойынша, Қоқан хандығында сан жағынан басымдыққа ие болған – сарт-соғылықтар мен өзбектер, одан кейінгі орындарды рет-ретімен айтсақ – қырғыздар, қыпшақтар, тәжіктер, құрамалар, үйірлар, қашғарлықтар, қожалар.

Қожалар бектіктегі дін істерін жүргізді. Таза өзбек деп танылған білім-ілімі бар әрі ауқатты кіслер бектік орталығының, шаһар хәкімдерінің работханалық, бүгінгі тілмен айтқанда, кенсе жұмыстарына үйімдастырылды. Тұракты да міндетті әскер ісіне, ләшкөрлік сапқа сарт-соғылықтармен қатар тәжік пен үйірлар, қашғарлықтар басым түрде тартылды. Соңғылардың арасынан Қоқан тағына жеткен ешқандай билеуші шықлады. Дегенмен бұл ұлттар да менігі тайпасына жататын бектердің билік басына келулеріне аса көп ықпал етті. Әсіресе қырғыздар мен қыпшақтардан шықкан белгілі тұлғалар билікке жақын болып, бектіктегі (кейін хандықтағы) аса жоғарылауазымдарға басқалардан гөрі көбірек қол жеткізді. Қыпшақтар мен қырғыздардың билікке ықпалы әсіресе Елдана мен Нарбота бектік уақытында көбірек болды. Елдана бектікке Ердене деген қыпшақтың арқасында жетті.

Әз кезеңінде Елдана да Ердененің енбегін елеусіз қалдырмай, оны өзіне бас уәзір етті. Ал Нарбота бек



боп сайланғанда жаңа жауланған Ош пен Нарын маңындағы қырғыздармен қарым-қатынасын жаксартуды көздел, Тұралы атты манаптың кызын әйелдікке алады. Одан туылған Әлім мен Омар кейін хан болды. Нарбота бектің ағасы Әжібек те қырғыдан қатын алған. Осы қатыннан өмірге келген Шералы Мұсылманқұл атты қыпшақтың қомегімен Омардан кейін билікке жетті. Шералының уағында Мұсылманқұл әмір-ләшкерлікті, Адайхан атты тағы бір қыпшак үәзірлікте иемденді. Шералыдан туылған Мәллебек пен Құдияр да Мұсылманқұлдың қолдауымен кезек-кезегімен хандықты ұстады, ал олардың інілері – Сопбек Әндіжанға, Сұлтанмұрат Марғұланға көп жыл хәкімдік етті. Мұсылманқұлдың туған інісі – Әлімқұл хан болмаса да, 1861-1865 жылдарда бүкіл Қоқан билігін қолына алған билеуші дәрежесіне жетті.

Дегенмен Мұсылманқұл секілді қыпшақтың жебеуімен билікке жеткен жоғарыдағы хандар өздерінің айналасына қыпшақтардан ғері нағашы жұрты бол табылатын қырғыздарды көп тартты. Нарботаның уақытында Момынбек, Ырысқұлбек деген қырғыздар бектіктің әскербасылығына тағайындалды. Омар мен Мәдәлі хандардың кезінде қырғыдан шыққан Жұсіп – мыңбасылық, Әлімбек датқа – әскер жөніндегі үәзір, Атабек жаяу әскердің басшысы, Шералы – атты әскердің пансатбашысы, Қыдыrbай – есік аға лауазымдарын иеленді.

Қоқандықтар казақ даласын жаулап алғанға дейінгі бектік туралы жазбаларда ондағы қазактардың барлығы бір атаумен, яғни қыпшақ деген атаумен ныспыланған. Мен өзім ондай жазбалардың каншасын актартам да, мәселен, Қашқадария мен Сухандария өніріне, Ферғана жазығына ілкі заманда барып орналасқан, Қоқан дәүірі кезінде сол бектікке қараған, тіпті қазірдің өзінде аталмыш өнірлерде тұрса да, өздерінің бастапқы тұбі Коңырат екенін ұмытпаған жұрт туралы, арғы-бергі ғасырларда замана екпінімен сол жаққа кетіп орнықкан – Дулат, Арғын, Найман, т.б. тайпаларының топтары және олардан шыққан тұлғалар жөнінде бір де бір мәлімет таппадым. Тәшкен мен оның төнірегінің және Хожендтің бергі жағындағы жазық даланың әлімсак жұрты – Қаңлы мен Шанышқылы жайында да бір дерек айтылмайды. Осыларға қарасақ, Қоқан хандығы алғаш құрылған өнірде тұрган қазактардың барлығын хандықтағылар да, тарих жазбагерлері де, жаңа айтқанымдай, бір ғана қыпшақ деген жалпылама атаумен атағанына көз жеткізіміз. Бір танқаларлығы, Елдана бектің жанында – Мұсылманқұл, Есенаман, Нарбота бектің қасында – Олдан, Кейкі сияқты қыпшақтар үәзір болғанымен, аталған үәзірлер бектікті нығайтуға айтарлықтай күш салғандарымен, Қоқан тарихына қатысты қай жазбаға үцілсөніз де, билеушілердің Ферғана мен Марғұлан, Наманған үәләятындағы қыпшақтардан әскерге сыпай (сарбаз) жинамағанын байқайсыз. Тіпті Әлім хан қазақ жеріне аттанғанда өзі

басып алған Ташкент төнірегіндегі казақ руларынан түгілі, Ферғана маңындағы қыпшақтардан да әскерге адам алмаған. Осылан қарағанда бұрынғы бектіктің, кейінгі хандықтың билеушілері сарт-соғдылықтар мен өзбектерге қарағанда сандары аз болса да, бұрыннан жауынгерлікпен аты шыққан қыпшақтарды әскер ісіне тартуға каймықкан сияқты. (Бірақ бұл жарлықты кейін Омар хан бұзды). Мейлі, бектер қыпшақтардан үркіп әскер ісіне пайдаланбаса да, біз үшін бір өкінішті нәрсе – сол аймақтағы қыпшак атанған қазақтардың өте үлкен тобы уақыт оза келе, сондағы өзге ұлттар тәрізді өзбек этносиға сініп, өз ұлттық қалыптарын мәнгілік жоғалтты. Өзбек тарихшысы Асат Сәпиеv «Хоженд үәләяты һәм қазактар мен тәжіктер» (Ташкент, 1926ж.) кітабында: «Ферғана мен Хоженд үәләятындағы қазақтардың бәрі бұрын өз руларын білуші еді. Қоқан бектері жүргізген саясаттың арқасында олардың барлығы алдымен бір ру – қыпшаққа айналды. Одан соң құрама деген атка ие болды. Ақыр түбінде таптаза өзбекке ұксап шыға келді. Басқалар да солардың кебін құшты» деп жазғаны да жоғарыдағы пікірімізді қуаттай түседі. Біздің бүгінгі пайымымызша, Қоқан бектігін құруға тұрлі ұлттардың өкілдері атсалысса да, сол кездегі жағдай мен түсінікке байланысты ешкім өз ұлтының үстемдігі жайында ойламай және пәленмін деп болінбей, бәрі бірігіп, тек бектіктің іргесін нығайту мұратында ғана еңбектенсе керек. Қашан да бір мұрат жолында күрессендердің ойниеттері де, максат-мұдделері де, тіпті тілдері де бір болмақ. Бөгденін жерінде өз тілін өзгениң тіліне алмастырған, сонымен бірге сол елдің мұддесі үшін еңбектенген жұрт ұлттық кейіп пен мұддені кейінге ысырады. Сейтіп әлгі өзі жақындастан ұлтка айнала бастайды. Қоқан бектігін орнатуға күш салған һәм сол аймақта тұрган бөгде ұлттардың барлығы келекеле бір ұлтқа, яғни сол өнірде үстемдікке ие болған өзбек ұлтына сінісін кетуінің себебі осында жатса керек.

Бектіктің бастапқы кезеңіндегі тарихына арналған жәдігерлерде қыпшақтардың белсенділігі хакындағы мәліметтер жүтандуа болса да, XIX ғасырдың басында Тәшкенттен бері қарайғы қазақ даласын жаулап алған Қоқан хандарының хаткерлері мұндағы ру-тайпалар мен атақты кісілері туралы көңіл көңшітетіндей деректер жазған. Сондай-ақ Қоканның соңғы тарихы жөнінде жазған өзбек, орыс тарихшыларының шығармаларында да басқыншыларға карсы бас көтерген қазақ қаһармандары мен би-датқалары жайында ауыз толтырып айтарлықтай мәліметтер кездеседі.

БИЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ

Қоқанда қалыптасқан берік мемлекеттік құрылым болмаса да, өздеріне тән билік жүйесі бар-ды. Барлық билік бектің (кейін ханның) қолында болды. Оның жарлықтары мен пәрмендері бұлжымас заң түрінде



қабылданды. Бектікте екінші адам болып бас уәзір саналды. Бектік кезінде әр билеуші төрт жыл сайын бас уәзірді алмастырып отырды. Бек сарайында бас уәзірден бөлек әркайсысы белгілі бір салалық – әскер, дін, елшілік, қазынашылық, шаһарлармен қатынас, ішкі тәртіп жұмыстарына басшылық жасайтын алты уәзір қызмет аткарды. Әскербасы, яғни бас қолбасшы – әмір-ләшкер, жаяу әскер мен зеңбірекшілердің басшысы – найып, атты әскерді басқарушы – ынак, хан әкімшілігінің жұмыстарын реттеуши – есік аға, бек пен уәзірлердің кенесшісі – аталақ, ханның жеке күзетшілерінің бастығы – кесіктенбашы, сарай шаруашылығының басшысы – дәстүрханшы атанды. Осылардың барлығы бек (хан) кенесіне кірді.

Осы дәрежеге жеткен адамдардың барлығы алдымен бектікке еңбек сініріп, мыңбасы деген шенге кол жеткізуі ләзім-ді. Бұған себеп – Шахрух алғаш бектікті құрган шакта әскерінің саны мың адамды құрапты. Әскерді басқарған Шахрух алғашқыда бек емес, мыңбасы атанған. Соған орай кейін Шахрух күзырына нешеме иелікті қаратып, әскер санын бірнеше мыңға жеткізе де, «мыңбасы» атағы маңызын жоймай, елдегі барлық шенді басшыларға осы атақтың коса берілуі – хандық құлағанша бұлжымас тәртіпке айналған.

Бұлардан кейінгі сатыда шаһар хәкімдері, дінбасылары (қазы-кәлән), даруға-хәкімдердің сарайларының, работханаларының диуанбектері, күндізгі және тұнгі күзетшілерінің басшылары – кептеуілбашылар мен торғауылбашылар, шаһар әскерінің басшысы – пансатбашылар (кейде бұларды құрбашибашылар деген), бек (хан) пен шаһар хәкімдерінің жеке һем шұғыл тапсырмаларын орындағын арнайы шеріктің басшысы – паруанашибашылар тұрды. Бұлардың бәрі бектің жеке пәрменімен тағайындалатын. Мұндай құрылым Бұқар мен Хиуа хандықтарындағы билік жүйеге ұқсатылып құрылған еди.

Әлім ханның ісін жалғастырып, Қазақстанның қазіргі шартты тұрде онтүстік аймағы деп аталағын өнірлеріне билігін тольық орнатқан Омар хан 1814 жылы бектік кезіндегі билік жүйесіне біраз өзгерістер енгізіп, бас уәзір мен екінші сатыдағы уәзірлер деп аталағын лауазымды жояды. Оларға «сарай даруғалары» деген шен береді. Бірак атқаратын жұмыс тұрларі өзгерілмейді. Үлкен калалардың билеушілерін де – даруға, майда шаһарлардың қожаларын – хәкім деп атая туралы жарлық шығарады. Ташкентке хандықтың маңызы жағынан екінші қаласы деген мәртебе беріп, оның билеушісін құшбегі (косбек, яғни екінші бек деген мағынада) деп атайды. Ханның өзі алыштағы Қоканда отырған соң хандық күзырына жаңа өткен казак даласындағы әлеуметтік һем саяси жағдайы үнемі бакылап тұруды және ол жерлердегі шаһар даруғалары мен хәкімдерін, сонымен бірге далалық датқаларды да өз бетінше тағайындауды Ташкент құшбегісіне жүктейді.

Датқалар демекші, хандықта датқалық жүйені де алғаш енгізген Омар хан. Осы жерде датқалықтардың

қандай құрылым, ал датқалардың кім болғанын айтудан бұрын мына нәрсені де тілге тиек еткен жөн. Бұрын қазақтарға хандармен қатар жүздер мен ру-тайпалардың билері билік жүргізетін. Төбе билер хан кенесшілері болып табылатын, әрі өз карамағындағы жүрттүң камын күйттей-тін. Оларға сол жүздердегі тайпа билері бағынысты болса, тайпа билеріне ру, ауыл билері қарайтын. Бұл – далалық жүрттүң ұйыстырып отыру үшін өз кезінде пайдаға асқан жүйе-тін. XIX ғасырдың басында Қазақстанның оңтүстігінен тыс аймақтарын орыс отаршылдары генерал-губернаторлықа бөліп, ел билеудің жаңа құрылымын ендруге кірісп җатканда, Омар хан да басып алған қазак даласына Қоқан хандығының үкіметтік құрылымын енгізді. Үлкен шаһарлар мен ірлі-ұсақты қала-кенттерге бір-бір даруға-хәкімдерді тағайындалды. Даруғалар билейтін үлкен шаһарлар қатарына – Шымқала (Шымкент), Түркістан, Өзалиеата жатса, Сайрам, Ақмешіт, Қазалы, Созак, Меркі тәрізді т.б. кенттер хәкімдер билік ететін ұсақ қалалар саналды. Әр шаһар мен ұсақ саналған қала-бекіністерде арнағы әскер тобы тұрды. Шаһар-қалаларға бір де бір жергілікті қазак даруға-хәкім бол тағайындалмады, ал оларға қарасты өнірлер датқалықтарға бөлінді. Мысалы, Шымкент шаһарына – 7, Өзалиеатаға – 7, Түркістанға – 4, Меркіге – 4, Қазалыға – 4, Созакқа – 2, Сайрамға – 2 датқалық бағынды. Бұл аймақтағы датқалықтарға датқа болып, тек қазақтар тағайындалды. 1814-1864 жылдар аралығында қазак жерінде 39 датқалық, ал оларға әр жылдары әр рудан тағайындалған датқалардың саны 82-ге жетіпті («Қоқан хандығына қатысты жазбалар жинағы», №3 тізім). Датқалар тікелей даруға-хәкімдерге, ал даруға-хәкімдер Тәшкен құшбегісіне бағынды. Датқага лайықты адамдарды даруға-хәкімдер іріктелгенімен, оны тағайындал, бекіту – Тәшкен құшбегісінің күзырында болды.

Ол кездегі адамдардың саны дәл бүгінгідей мол болмаганын және ауылдардың бір-бірінен қашықтау, жайыла орналасқанын ескерсек, бір датқалықтың көлемі қазіргі бір ауданың аумағына парапар келген, әрі оған бәрін жинап санағанда үй саны 3000-3500 болатын 40-45 ауыл қараған. Датқалық басшылары датқа атанған. Датқа атауының мағынасына келсек, ол – көне соғдылықтардың тілінде – дутху, яғни кіші аймақтың хәкімі деген лауазымды білдірген. Кейін өзбек тілінде де шендік дәрежені білдіріп, дотхо түрінде енген. 18 ғасырдағы Қоқан бектері үлкен шенді өз күзырындағы белгілі бір адамдарға беріп келсе, Омар хан 1814 жылдан бастап қазақтар арасындағы беделді кісілерді де датқа тағайындауга әмір еткен. Датқалардың міндеті – хандық мүддесі үшін қызмет етуден тұрған. Хан мен құшbegінің, шаһар басшыларының жарлық-пәрмендерін ел арасында орындау, жүрттап хандыққа жиналатын алым-салықты уақытында жинау, хандық қалаған мезгілде күзырындағы ауылдардан әскер топтастырып беру сияқты қызметтер олардың басты міндеттеріне



кірген. Уақытысында ел арасында казак мұддесі үшін өздеріне шен-шекпен берген қокандықтарға қарсы кол бастап, соғыс салған датқалар да көп болған.

ӘЛІМ МЕН ОМАР ХАНДАРДЫҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН ЖАУЛАУЫ

Кейінгі зерттеушілер Қоқан хандығының Ташкент пен одан бергі қазак даласын жаулап алуын хандыққа қарасты жерлерді кеңейтумен қатар, экономикалық зәруліктен туындаған шабуыл деп есептейді. Яғни, Қоқан шабуылы – жері кең, малы мол, жұрты көп қазақтарды құзырына қаратса, бағынышты халық есебінен жиналатын мал мен мұліктік салық арқылы келетін көп дүние хандықтың қазынасын молайтады деген піфылдан туындаған дейді. Сол кезде Әлім ханның қекейінде осындағы ой-піғыл жатқаны да рас. Оны мұрагаттық жазбалар да растайды. «Әлім хан өзіне бағынышты бектерге пәрменеді: «Тәшкән – дүниенің төрт бүршішінан керуендер ағылып келетін кәттә сауда шаһары. Тәшкән саудагерлері мен базарларында алтын көп. Қайтсек те, оны құзырымызға алуымыз керек! Ал Шымқала, Түркістан, Әулиеата, Созақ қазақтарында мал көп. Қазақ мaldары да біздің хандықтың байлығы болуы ләзім. Тәшкеннен соң қайтсек те, қазак даласын басу міндеп. Алда ұзақ сапар тұр. Фаскерді дайындаңдар!» («Қоқан хандығына катысты жазбалар», Жинақ, Ташкент, 1905).

Расында Әлім ханның қазак даласын жаулауының негізгі мақсаты – мал-мұліктірді иемденіп қалумен шектелмеген. Оның басты мақсаты – орыс отаршылдығынан әзірше аман тұрған, әрі бір орталық билігі жоқ, бытыраңқы күйде өмір сүріп жатқан онтүстік қазақтарының жерін Қоқанға түпкілікті қаратуды ойлаған. Оған қоса, сол кездегі саясатты жақсы білген ол, біздің онтүстік өлкемізді батыс және солтүстік тараптан сұғына еніп келе жатқан орыс отаршылдарына бермеуді ойлады. Сонымен қатар бұл даланы әне-міне басып алууды қөздел жүрген Бұқар, Хиуа хандарынан бүрін кимылданап калу да – қекейінде бар жоспар-тұғын. Әлім шабуылдамақ болған қазак даласын айналасы бірер жылдың ішінде-ақ басып ала саламын деген ойға сенімді болған тәрізді. Мұндай ойын А.Сәпиеvtің жоғарыда аты аталған кітабындағы «Исақ дамулладан қалған сөз» тарауында жазылған мына сөйлемдер де растайды: «Әлім Шымқалаға жорық жасаудан жарым ай бүрін көпшілігі жалдамалы таулық тәжіктерден құралған он мындық шерікпен Тәшкәнге келді. Мұнда қазак даласынан оралған жансыз-дәрүіштерімен әбден сейлесіп болғасын, хан кеңесін шақырып, алдағы болатын соғыс мәселесін талқылады. Тәшкән күшбегісі Ләшшар: «Тақсыр, мезгіл күзге таяп барады. Қазактармен соғысамыз деп жүріп, ол жақтың сұық болатын қысына ұрынып қалмаймыз ба? Қазақтарды оңай жау емес дейді білетіндер» деді. Хан айтты: «Қазақтың баяғыдай айбынды хандары, бізге төтеп беретін карулы жасағы, топтанған ғаскері жок. Хәр

ауылын бір би, хәр шаһарын бір төре билеп, мaldарына ұксап шашырап жатқан Дешті-Қыпшактағы қазактар біздің шеріктердің бір шапқанынан-ақ жел қуған қаңбақтай күйге түседі. Жабайы ғұмыр кешіп, намаз бен шарифатсыз құн кешетін надан қазактарды адам етуді, оларға бас ие болуды Алла сары кәпірлерге де емес, Бұқар мен Хиуаның дүниеконың әмір-ханына да емес, маган бұйырпак...»

Әлім хан мақсатына жетпен хижраның 1223 жылдың аяғында, біздіңші 1808 жылдың сүмбіле (тамыз) айының ортасында Ташкентте әскеріне косымша күш қосып, 13 зеңбіректі, 4 мың мылтықты, бас-аяғы он жеті мынды құраған ләшкерге өзі бас болып, Дешті-Қыпшиқ даласына қарай шеру тартады. Оның жолында алғашқы кездескен үлкен қазақ қыстақтары – Тұрбат пен Шарапхана еді. Қамсыз жатқан бұл қыстақтардың жұрты шаңдатып келген 17 мындық колға түк те істей алмай, Әлімнің құзырына бас иеді.

Қоқандық әскер Шарапханага жеткенде ары қарай жорығын жалғастырмай, осы жерде екі ай аялдайды. Бір аттаныспен кез келген қала-қамалдарды басып алуға бекінген Әлім Шарапханада неліктен мұншалықты уақыт аялдаған себебін мен ұзақ уақыт зерттедім. Ақыры мұның жауабын Асат Сәпиеvtің кітабынан таптым. Ондағы жазу бойынша оның мәнісі былай екен: «Әлім хан маған қарсылық көрсететін қазақтар жоқ деп, Тәшкәннен бейкам аттанды. Ҳақиқатында Келес сұына жеткенше қазақтар тарапынан шықкан ғаскер де, шерік де көрінбеді. Аяңмен үш құн жүріп, кеш түс Келестің орта тұсындағы Қакпак деген жерге аяқ басқанда, тау жақтан шыға келген 500-600-дей қазақ аламандары ғаскердің он бүйіріне тап берді. Шабуылдарының шапшандығы сондай тез болды, қоқандық шеріктер мылтық, наизаларын көтеріп үлгергенше, ғаскердің бір шетін қыратып тастап, қайтадан тау арасына кіріп кетті. Осыдан кейін Әлім сактана жүріп, Тұрбат пен Шарапхананы бағындырыды. Ләкін бұл қышлақтарға жеткенше де, қазақтың әлгіндей топтары біресе қамыс арасынан, біресе жыра тасасынан шыға келіп, қоқандықтардың берекесін кетірді. Мұндайды күтпеген Әлім Шарапханада аялдауга ықырап қылды. Ләкін қарап жатпады, қазақтарды қорқытпакқа айла тапты. Шарапхана қыстағының жоғарғы жағынан өзіне арнағы камал салдырып, кунде арғы жақтағы Шымқала, Түркістан, Әулиеата, Тұлкібас тарапына шабармандар аттандырып, кала хәкімдері мен қазақ сұлтандарына, би-байбатшаларына: «Аяғыма келіп жығылындар, маған бағыныштарынды білдіріп, көп дүние-мұлік, мал айдал келіндер. Мен мұсылманнын, сендерге қамқор боламын. Өйтпесендер арғы жақтағында төніп тұрған доныз етін жегіш, түрекеп тұрып дәрет алатын, адам қанын су орнына ішетін түрі бөтен кәпір-орыстар сендерді басып алып, тұқымдарынды түздай құртады. Әгәрки бейбіт келіп, құзырима өтпесендер, мен сендерді орыс-кәпірден бүрін жаулап аламын. Эр он еркектің үшеуін дарға



асамын, екеуінің басын кесемін, екеуінің бұтына қыл бұрау салып, этек қыламын, қалған үшеуінің бір-бір құлақтарын кесіп, өмірбаки құл етемін. Қатын-қыздарыңың бәрі сарбаздарыма қатын, күң болады» – деп пәрмен айтты.

Ләкін қазактар хан дәргейіне келіп бас ұрмады. Ашуланған хан Шарапхана маңындағы қазактардың күніне жиырма шақтысының басы мен қол-аяқтарын кесіп, олардың жаншошытарлық өлі денелерін ат-есектерге өнгеріп, ауыл-ауылдарға жіберді. Даға қазактары ержүрек екен. Бұған да шошымады. Хан алдына келмей қойды. Ашудан жынданардай халге түсken Әлімхан зулхиджа айының 17-ші жүлдізы күні (1808 жылдың қазанының 19-сі) ләшкериң көтеріп, Шымқалаға қарай аттанды...».

Дәл сол уақытта Ұлы жүздің және Орта жүздің барлық тайпалары, Арғын-Найманның шоғыршоғыр азғана рулары, кіші жүздің Тамасы, Адайы мен Рамаданының едәуір бөлігі Қоқан жауламақа ниеттенген онтүстік тарапты жайлаған-ды. Әлім хан шабуылы алдында, А.Сәпиев жазғандай, бұл дала жүртінің не ортақ ханы, не ортақ бінә жоқ, бытыраңқы қалыпта күн кешіп жатқан. Қазығұрт, Арыс, Шымқала, Тұлкібас маңындағы ел осыдан он жыл бұрынғы, тарихта «Қазақ қырғыны» деген атпен қалған Ташкент түбіндегі Жұнісқожамен өткен сүмдік соғыстың зардабынан әлі айыға қоймаған. Оның үстінен бұларды ай құргатпай тау асып келіп, жеке-жеке отырған ауылдарды қан қақсатып кететін қырғыз барынташылары да әбден титықтатып тастаған. Оған қоса, айлалы Әлім хан әдейі жіберген, дін насиҳаттаушылар боп көрінгендерімен, жансыздық жұмыстарды атқарған пірлер мен дәрүіштердің батыс пен күнгей жақтан таяп келе жатқан орыстар туралы айтқан үрейлі дакырттары да, «Олардан сендерді құтқаратын – Алла жолымен, шаригат жонімен жүретін, хак мұсылмандықты ұстанатын Қоқан хандығы ғана!» деп жар салған үгіттері де жүртты әрі-сәрі күйге түсіріп қойған. Тек өз төрелері мен билеріне ғана бағынатын әр шаһар, әр ауыл өз беттерінше күн көріп, ілкідегі жау келсе дереу атка қонып, бір ортаға жинала қалатын үйимшылдығынан айырылған. Қазалы, Акмешіт төнірегінің қазактары Сырдан өтіп, жиі-жіңі шабатын Хиуа басқыншыларынан мол зәбір көріп, алмағайып заманды бастан өткеріп отырған. Өулиеата мен Ұзынағаш, Қастек қазактарының да береке-бірлігі азайған.

Әлім хан қазактардың осындағы осал сәтін әдемі пайдаланғысы келді. Бірақ та, қазақ қаншалықты қамсыз қалыппен бұйырып жатқан ел болса да, байырға ата-бабаларының өр рухы бойларынан кетпеген халық емес пе? Соған орай жалпы жүрттап үйимшылдық кетсе де, ел ішінде әр жер-әр жерден сөз бастауышы билер, қол бастаушы батырлардың шықпағы қәдік.

Әлім хан Шарапханада жатып, жан-жакқа шартын айттып жаушылар жібергенде, кеудесінде намысы бар осындағы билер мен батырлар да қарап жатпай, оларға қарсы қол құрай бастайды. 1798 жылы Тәшкенді

мәжбүрлік пен амал жоқтығынан, сонымен бірге қанша соғысса да Қоқан мен Бұқара хандықтарынан қосымша күш алып қүшейген Жұнісқожамың билігіне қалдырып, өзі Қазығұрт етегіне келіп орнықкан Теле бидің кенже ұлы Қожамжар дәл сол мезгілде осындағы қазактардың сөзбасшысына айналды. Ол бұрын да көсем еді. Ал, Қоқан ләшкери Шымқалаға жақындағанда, жасы тоқсанға келіп қалса да кеудесіндегі рухын қайта көтеріп, атқа қонағы. Айналасындағы елдерге сауын айтып, сарбаз жинаиды. Шымқала билеушісі Елек төре, сіргелі Назар, Тайлақ, шегір Ақпан, қоңырат Алтай батырлар, Түркістан қожаларынан арнайы топ күрган Сейіт ахун оның жанына жиналады. Қакпақ, Келес бойында Әлімнің қолына таса-тасадан шабуылдан, маза бермеген де осы батырлар бастаған сарбаздар еді.

Шымқаланы бетке алған Қоқан ләшкери Қазығұрт белінен асқанда жан-жақтағы сай-жыраларда жасырынып тұрған осы батырлар бастаған екі мыңдық қазақ қолы оларға тағы тарпа бас салады. Жайбаракат келе жатқан дүшпан ләшкери тез ес жиып, мылтықтарына жармасады. Ылғи шоқпар-найзамен, садақ және құс ататын шиті мылтықтармен қаруланған қазактар жақсы каруы бар қоқандықтарды жайпап салмаса да, қатарларын біраз селдіретіп, шегініп кетеді. Қазақ батырларының қылышына ызаланған Әлім хан осы соғыста өлгендер мен жараланғандарына да қарамай, Шымқалаға қарай асығыс жүреді. Бір күннен кейін Бадам жағасындағы Қасқа жотасына келіп токтайды. Дәл осы кезде бұларға Ташкенттен жеткен жеті зенбірегі бар тағы үш мыңдық қосымша ләшкери келіп қосылады. Қанша булықса да, қаланы түнгі мезгілде шабуылдаудың қысынсыз екенін үққан Әлім ләшкериңе аттан түсіп, таңға дейін демалуды пәрмендейді.

Бұл кезде жоғарыда аталған батырлар жалпак даладағы Алаш баласын қанша үгіттесе де, рухы төмөнделген жүрттап бар болғаны жеті-ақ мыңға жуық сарбаз жинаап, Шымқала түбіндегі топтасып тұрады. Қоқандықтардың Қасқа жотасының ар жағындағы тегісте түнемелікке аялдағанын шолғынышылар арқылы білген қазактар далада ер-тоқымдарын тессеніп жатқан жиырма мыңдық ләшкери түнде шабуды үйірады. Содан тұн ауа қамсыз үйқыдағы жауға Ақпан батыр бастаған екі мыңдық қол шығыс жақтан, Тайлақ пен Алтайдың сарбаздары батыс беттен, Елек төре мен Сейіт ахун ерткен бір мыңдай жасақ Шымқала тұстан бірден лап қояды. Бұл – күші басым дүшпанға қазактардың алғашкы үлкен шабуылы еді. Тұн ішінде дүрліккен дүшпандар бұл жолы үш мыңдай аламандарынан айырылады. Бірақ етек-жендерін тез жиып үлгерген қоқандықтар үйисіп, қазактарға қарсы оқ боратады. Бие сауымдай мезгіл ойран салған қазактар аз ғана шығынға ұшырап, жылыстап кетеді.

Тосын шабуылдан жынданардай халге түсken Әлім тан атар-атпаста ләшкериң Бадамнан өткізеді. Арада жарты сағат уақыт өткенде зенбіректерін ат-түйелерге



артқан, бес мың мылтықтарын, сансыз найза-садақтарын алдарына кезенген қалың ләшкөр Қошқар ата сүйнің жиегіндегі бінк төбе үстінде орналасқан Шымқала корғанына таяйды. Қорған тубінде шеп құрып жатқан қазақ сарбаздары оларға жебе жаудырады. Алайда қоқандықтар от тастары 200-230 метрге жететін Бұқарда құйылған жиырма зенбірек пен өкітари алысты дәлдейтін мылтықтарын бірдей іске қосып, сарбаздардың шебі мен Шымқаланы төпеп береді. Қайран ержүрек қазақтардың отты қарудың кандай құдіретті болатынына осы жолы көздері жетіп, шат-шәлкейлері шығады. Өлгендері өліп, өлмегендері майдан шебінен шегініп, жан-жаққа кетеді. Бір тобы қорған ішіне тығылады.

Әлім хан шабуылы кезінде Шымқалада қанша халық тұрғаны жөнінде ешбір жерде дерек жоқ. Бірақ қисынға ден койсақ, 15 мыңнан кем болмауы тиіс. Мейлі, қанша болса да, бір анық нәрсе – Әлім хан зенбірек от тастарының атқылауынан аман қалған қала тұрғындарының жартысынан көбін өлімге бұйырған. Елек төре мен Сейіт ахунды қолға түсіріп, азаптап елтірген. Сарттар мен тубі ташкендік қауымға тиіспепті. «Таксыр хан! Қала тұрғындарын қыра бергеніміз қалай болар еken... Ертең мына қамалдарды қайта тұрғызуға, хандыққа қызмет етуге һәм салық төлең, хандық қазынасын толтыруға адамдар керек емес пе?» – депті сонда ләшкөрбашы Тұғрыл бек Әлім ханға. Әлім хан айтты: «Намаз оқымайтын бұ қазақтар кәпірмен бірдей. Жөн сөзге көнбекен бұ тағыларды қыру – сауап. Қырылғандардың орнын Ферғана мен Наманған уәллятынан өз туыстарымызды көшіріп әкеп толтырамыз» (Асат Сапиев жазбасы, «Исақ дамулладан қалған сөз» тарауынан). Әлім Шымқаланы жауалауы – 1808 жылдың акыrap (қазан) айының 23-і күні іске асқан.

Шымқаланы алған соң Әлім арада апта өтпей жатып-ак Сайрамды бағындырады. Сайрам қаласы еш қарсылықсыз берілген. Себебі, мұнда Әлімнің ой-мұратын куаттаған тұрғындар көп болыпты. Сайрам мен Шымқалаға 500-ден ләшкөр қалдырып, өз адамдарын шаһар даруғалығына (басшылығына) бекіткен Әлім хан қауыс (қараша) айында қазіргі Тұлқібас, Төлеби, аудандарының таулы аймағындағы қазақтарды шауып, көп дуние-мұлік пен мал олжалап Қоқанға қайтады. Ал Тұғрыл бек бес мыңдық қолмен Арыс, Шаян бойы мен Қаратай етегіндегі қазақтарды қанға бөктіріп, мұндағы жұртқа Қоқан билігін мойындалады.

Қанша қазактың қанын мойнына жүктел Қоқанға оралған Әлімді мұнда ажал күтіп тұрған. 1809 жылдың қысында күзгі жеңісіне масаттанып, той-думанға көп беріліп кеткен ол, айналасындағы жаулардың өзіне дайындал жатқан қастандығынан тіпті хабарсызытын. Қасындағы уәзірлерінің жалған мадактары мен гаремдегі жас қыздардың буына елітіп, тіпті біраз уақыт өз тарапынан күнделікті бақыланып отырылуға тиіс қандық жұмыстарына да көніл бөлуді азайтады. Бұрыннан оған қарсы топ құрып, қандық билікті

көптен аңсап жүрген тұған інісі Омар осындаид ұрымтал сәтті пайдаланып, оны түнде жас қызбен жатқан жерінде қыльышпен шауып өлтіреді. Арада екі күн өткенде ол өзін ханмын деп жариялады.

Омар хан қазақ даласын жауалауды одан әрі жалғастырады. Ол 1809 жылдың көктемінде әмірләшкөр Тұғрылдың ләшкөрін Арыс, Бөгөн, Шаян бойындағы рулады шабуға жұмсайды. Бір жылдан кейін Тұғрыл шеріктері Ташкенттен Әулиеатата Қаратай арқылы бет түзеген Арыслан бастаған екінші қолмен Құйік асуының арғы бетіндегі Билікөл жерінде түйіседі. Қекек айында екі қол Әулиеатаны бірлесіп басады. Одан соң Арыслан тобы Қордай мен Меркі, Самсы мен Ұзынағашты шабады. Осыдан кейін Арыслан бек Омар ханмен келісімі бойынша Әулиеатаның хәкімі болып қалады да, өзіне қарасты үш мың ләшкөрді Қордай, Меркі, Ұзынағаш секілді шағын-шағын қалаларға бөліп, жайғастырады. Бұларға Қоқан хандығының шығыс шекарасын бекем ұстап тұру міндеті жүктеледі. Тұғрыл болса, Әулиеатаны шапқаннан кейін Талас бойымен темен түсіп, Сарысуға дейінгі аралықта жатқан қазақтарды шабуылдайды. 1816 жылы Түркістанды шапқан Тұғрыл қаланың даруғалығына, яғни Созак, Саудакент, Құмкент, қалалары хәкімдерінің үстінен қарайтын басшылыққа тағайындалады. Түркістаннан кейін Омар Акмешіт тарапына тағы да Тұғрыл бастаған әскер аттандырады. Әскер екі ай ішінде Акмешітке дейінгі алапты басады да, Омардың пәрменімен батыс және солтүстік тараптағы орыс пен Хиуа хандығынан сақтану һәм оларға бұл жерлерді бермеу мақсатында Жаңақорған, Акмешіт корғандарын салып, бекінісін нығайтады.

1810-11 жылдары бір кезде Қоқанға бек болған Әбдірахманның кенже ұлы Әбдірәсіл пансат он бес мыңдық қолмен бүкіл қырғыз жерін жауап алады. Мына ұқсастықты қараныз, Әлім де, Омар да қазақтарға шапқанда бір де бір қыпшақты әскерге алмаса, қырғыздарды жаулағанда Ферғана өніріндегі бір қырғызды да шерік қатарына алмаған. Содан 1816 жылдың аяғында Қоқан хандығының құзырына бүкіл Қырғыз жері мен шығысы Жетісуға, солтүстігі – Сарысу, Созак, Акмешітке, батысы – Хоженд жеріне дейінгі өнірлер қарады. Ұзын-ырғасы 37 қала мен қамалдар оның иелігіне кірді.

Кейбір зерттеушілер қоқандықтар Түркістан мен Акмешіт төңірегін 1819-1830 жылдары басқан деп жазады. Бұл – қате тұжырым. 1822 жылдан кейін Қоқанға Мәдәлі хан болған. Ал тарихи деректердің қайсысына көз салсаныз да, Мәдәлі қазақ жерін жаулаамаған. Бұрынға хандар басып алған өлкелерді билеп-төстеп отырған. Оның үстінде Қоқан тарихы туралы деректердің ең сенімдісі бол табылатын және Әлім, Омар сияқты хандардың жеке хаткерлері жазып қалдырган мәліметтер топтастырылған «Қоқан хандығына қатысты жазбалар» жинағында Омар хан Түркістан мен Акмешітті хижраның 1231 жылдың аяғында қарраты деп көрсетілген.



Ал бұл жылды біздің саңакқа аударсақ, 1816 жыл бол шығады.

Бір өкініштісі, қоқандықтардың осы Түркістан, Ақмешіт, Өулиеата маңын қалай жаулағаны жөнінде, жергілікті халықтың қандай қарсылықтар көрсеткені жайындағы мәліметтер тым жұтаң сақталған. Тіпті бұл туралы ел аузында да әңгіме жоқ. Тек жоғарыда біз атаган жинақта Ақмешіт түбінде Тұғрылға Қойсал деген кісі басқарған топ біраз қарсылық көрсеткені, сол мандағы Әлім руының адамдары көп уақытка дейін хандық билігін мойындамай, әлсін-әлсін көтерілгендері хақында келте ғана дерек бар. Осы келте деректің өзі Қоқанның алғашкы басқыншылығы кезінде ол жакта да әжептеуір деңгейде шайқастар болғанын көрсетеді. Есесіне, 1820 жылдан кейін хандық билігіне қарсы шығып, көтеріліс ұйымдастырған қазак көсемдері мен ру басшылары жайында жазылған да, ел аузында сақталған да әңгіме көп.

БАСҚЫНШЫЛАРҒА ҚАРСЫ КӨТЕРІЛІСТЕР

Қоқан басқыншылары мол әскермен Онтүстік Қазақстан жеріндегі қалалар мен қалашық-қамалдарды аз уақыт ішінде басып алып, бауырына басқандарымен, дала қазактарын оңайлықпен бағындыра алған жоқ. Ташиентте Қошық, Шардара өнірінде Алтай, Шымқала төңірегінде Ақпан, Шойбек, Тайлақ, Созак жерінде Кенесары, Жанқожа, Өулиеата маңында Қожағұл, Дербіс, Сұраншы, Спатай, Байзак батырлар және де бұлардан басқа би-датқалар бастаған топ-топ қолдар қоқандықтардың мазасын жиі алып, берекесін қашырды. Алайда, ұлт-азаттық күрес жолына түскендердің бастары косылмады. Бір-бірімен араласып, қолдасып кетуге жер шалғайлығы, аралықта жатқан Қоқан әскері кері әсерін тигізді. Оған коса, ауылдардың барлығы бірдей түп көтеріліп, әлгіндей батырларға ере коймады. Сонда да болса намысы биік батырлар, бүгінгі тілмен айтканда, партизандық соғыс тәсіліне көшіп, реті келгенде хас дүшпанинан кек кайтарып отырды.

Қоқан хандығы Ташиенттен Жетісуға, Қордайдан Сарысу мен Ақмешітке дейінгі қазак жерін тұра 55 жыл биледі. Осы 55 жыл ішінде қазақтардың қокансарт басқыншыларына қарсы дүмпуі бір сәтке де басылған емес. Қоқанның тогыз ханының хаткерлері жазып калдырыған мұраларға қарасақ, жаңағы 55 жыл ішіндегі қазак даласында ірілі-ұсакты 114 көтеріліс болышты. Бір эттег-айы, олардың бәрі туралы нақты жазбалық деректер қалмаған Солай десек те, казак-қоқан қосындары арасында өткен ірі көтерілістердің біразын — «Қоқан хандығына катысты жазбалар» жинағындағы мәліметтермен тізбелеп, баяндап көрелік.

№7-тізім: «Хижраниң 1223 жылы (1808) акырап (қазан) айының аяғында паруанашы Тұғрылдың әскері Сайрамды құзырына қаратуға аттанды. Сайрам

қорғанының сыртында Ақпан мен Тайлақ деген казақ батырлары қол жиып, Тұғрылмен қатты соғысты. Қазақтардың қолы аз-дүр. Тұғрыл женді. Тұғрыл келгенде Сайрам хәкімі һәм тұрғындары «Өулиелі шаһарға қош келдіңіздер. Біздерге сіздермен соғыс керек емес» деп өздері қақпаларап ашты. Бір айдан кейін Ақпан Тұғрыл әскерімен Күйік деген жота үстінде тағы соғысты. Тұғрыл Ақпанды ұстамақ болды. Ақпан шайтан сияқты екен. Еш ұстаппады».

№8-тізім: «Қазақтар еш тыншымайтын болды. Биыл Мұхаммед Фалихисаламның 1237-жылы. Ташиенттегі құшбекісіне қарасты Шымқала жақта тағы соғыс басталды. Кәтта соғыс. Жошы тұқымы Тентек төре деген біреу қазақ батырларынан шерік топтап, Сайрамдағы Айқас хәкімді, Карабұлақ, Қарамұрт датқаларын өлтірді һәм хандық дәргейіне құлдық үрган нешеме қазақ датқаларын ат құйрығына байлады. Қокан сарбаздарын қиратты. Шымқала даруғасы шаһардан қашып шықты. Тентек төре Ташиентке дейінгі жерді Қоқаннан тартып аламыз депті. Омар хан құшбекі Ләшінәрға пәрмен берді. Ләшінәр оларға қарсы Тәшкән әмір-ғаскері Исақұл бастаған 15 мыңдық шерік аттандырыды. Тентек төре мен оның жасауылбашылары Ақпан, Шымырбай батырлардың косыны Шымқала мен Сайрамды он бес күндей ұстап тұрды. Ождан шеріктегі қазақтарды от тастармен атқылап, тас-талқандарын шығарды. Тентек төре ымыраға келіп, Исақұлға берілді. Ал жасауылбашылары соғыса жүріп, Алатауға қарай жылжып кетті. Исақұл Тентек төрені Қоқанға айдан экелді. Омар оны қазыққа отырғызып өлтірді.

Қоқан жазбагерлерінің 1237 жыл деп отырғаны — біздің санақпен 1821 жыл. Тарихтан, әсіресе, онтүстіктің тарихынан хабары бар адамдардың бәрі біледі, тап сол жылы Тентек төре Шымқаланы қоқандықтардан аз уақыт азат етіп, қазақтарға қайта қаратқанын. Әлбетте, оның және де оған серік болған батырлардың мұраттары үлкен еді. Бірақ айналадағы ахуал ондай арыстардың мақсат-мұдделеріне қайшы келгендігі тым өкінішті...

1830 жылы Бетпактың шетін жайлайтын тاما, Қаратай етегіндегі қонырат, ысты, сіргелі тайпаларының бас көтерлері Қоқан хәкімдеріне қарсы соғысайық деп, Арас төңірегінде Хиуа мен орыстарға қарсы соғысып журген құттық Жанқожа мен қарасекесек Ақтап батырды шақыртады. Жанқожа мен Ақтап үш жүздей жігіт ертіп келеді. Қаратай жақтағы елдерден жеті жұз жігіт жиналып, басшылары – қонырат Жаманқара мен тاما Ерсібайға еріп, Жанқожа-Ақтанның қолымен Созактың Бетпак тарапында қосылады. Сол жылдың мизам айының басында олар алдымен Созакқа тірек боп тұрған Саудакентті басады. Ондағы Қоқан хәкімін өлтіріп, қазынасын тонайды. Одан соң Шолаккорғанды шабады. Бес-алты күннен кейін Созакты қоршайды. Ана екі кентке қарағанда Созак бекінісі бекем әрі мұнда қоқандық шеріктердің саны мол-туғын. Қазақтардың шабуылына бекіністегі қоқандықтар он



бес күндей төтеп береді. Оқ-дәрісі таусыла бастағанда Созақ хәкімі өзін жұз шакты мылтықты аламандарына қоршатып, батыс беттегі қақпадан сыртқа шығады. Ойы – атысып жүріп, Түркістанға жету еді. Бірақ сонына түскен қазақтар Қаратудың Сүйндық асуы үстінде олардың бәрін қырып салады. Бұдан кулақтанған Шымқала даруғасы Қайып Ташкенттен үш мың ләшкөр алдырып, өзінің және Түркістан хәкіміне қарасты шеріктерден екі мың әскер түзіп, Созаққа аттанады. Жиырма күнде Созаққа жеткен ол, күші бес мыңдық ләшкөрден әлдекайда кем қазақ жасақтарын талқандап тастайды. Бұдан кейін де Созақ маңында үш көтеріліс болады. Дегенмен бәрі де қанға бөктіріліп, басылып тасталады.

Созақтағы бұдан соғыс көтеріліс 1845 жылы Кенесарының бастауымен өтеді. Кенесарының соғыс тәсілін онтайлы жүргізгені сондай, Шымқала мен Түркістан жақтан тағы келген бес мыңдық дүшпан әскеріне дес бермей, төрт ай бойы соғысады. Қоқандықтар Созактан күдер үзгендей бол, шегініп кетеді. Кенесары болса, Созаққа қонырат Алданды бек етіп, Талас бойына қарай кетеді. Алайда артынша қоқандықтар қайта келіп, Созақты алады.

1842 жылы Әулиеатада шымыр Байзак датка бас болған ауқымы жағынан өте үлкен көтеріліс бұрк етеді. Көтеріліс Меркі мен Қордайды, бүкіл Талас бойын шарпиды. Оған Сұраныш, Спатай, Шымырбай сияқты белгілі батырлар қатысады. Көтерілісшілер Ұзынағаш пен Қастекті де азат етуді жоспарлайды. Қоқан хандары аталған кенттер хандықтың шығыс шекарасындағы бекеттер болғасын, мұндағы гарнizonды зенбірек, мылтықтармен жақсы жарактаған-ды. Әрі мұнда әскер саны да айтарлықтай мол еді. Оның үстінен Байзак көтерілісі кезінде мұнда Тоқмақтан көмекке келген ләшкөр қосылған. Қазақтар екі кентке де бірнеше мәрте шабуылдан ала алмады. Бір жақсысы, қорғанушы ләшкөрлер қазақтар шабуылын тойтарып отырумен ғана шектеліп, қарсы шабуылға шықлады. Осыған байланысты Әулиеата мен Талас маңы екі жыл бойы басқыншылардан азат тұрып, билігі жергілікті халықтың қолына көшті.

Атальыш аймактардағы көтерілістерді басуға Ташкент, Қоқан тарапынан жазалаушы әскер келмей, мұншалықты уақыт азат тұруына сол шакта саяси уақиғалар көмектесті. Себебі дәл осы тұста Мәдәлі Бұқар ханы Насрулламен соғысқа кіріспін, ішкі жағдайларға көніл бөлуге мұршасы болмай қалды. 1841 жылдың аяғында Насрулла Қоқанды, 1842 жылы жазда Тәшкенді басып алып, бұ шаһарларға өз найыптарын отырғызды. Мәделінің экесінің тоқалын қатындыққа алғаны үшін қәпір санап, өлім жазасына кесті. Ең маңызды екі қаласын Бұқарға берген Қоқанның күні бітуге таяу еді. Бірақ осындай алас-кулес кезенде Қоқан ордасында қырғыз Атабек найып пен қыпшақ Мұсылманқұл аталақ сөзбасшы шешен, хандықтың жоғын жоқтаушы көсем шығып, Бұқар найыбын шаһардан қуып шығады. Екеуі Нарбота бектің ағасы Әжібектің баласы Шералыны

хан сайлауға үлкен күш салып, дегендеріне жетеді. Шералы хан бола салысымен дереу ішкі жағдайды реттеуге кіріседі. Ташкентті бұхарлықтардан азат етеді. Әулиеата маңындағы көтерілістерді қан-жоса қып басады. Бір кулығы, көтеріліс басшыларына кешірім жасап, елге салмағы бар, көпкө сөзі өтетін ондай беделді кісілерді хандық мұддесі үшін қызмет қылуға тартады. Соның арқасында Байзак, Шымырбай сияқты даналар жазадан аман қалады. Бірақ та, бұлар ханнан рахым көріп, датқа деген шен алса да, өле-өлгенше хандыққа жау бол етті.

Шымқала мен Әулиеата маңындағы наразылық көтерілістің тағы бір белен алған шағы 1856 жылы болды. Эр кездегі көтерілістерге – хандықтың, әсіресе Ташкент құшбекілерінің Дешті-Қыпшақ даласындағы руларға көрсеткен зәбірі мен салық мөлшерін арттыруы себеп болды. Ташкентке 1853-57 жылдары құшбекілік еткен Мырзахмет сарт жергілікті жүрттап алынатын салық мөлшерін төрт есеге арттырды. Онысы аздай, далалық қазақтарға жайлау мен қыстауларга көшүіне тыйым салды. Сол уақытта Мырзахметтің салық жинаушыларымен бірге қазақ даласында болған, кейін өз көргендерін хатқа түсіріп, «Құласат әл-ахуал» атты еңбек жазған Әбу Убайдуллахтың қазір ӨРҒА Шығыстану институтының колжазбалар корында сактаулы тұрған атамыш жазбасында мынадай уақиғаларды баяндайды: «Мырзахмет құшбекі Шымқала, Әулиеата шаһарларына қарасты қазақ руларының басшыларын жайлау-күзеулерге жібермей, «Ешқайда көшпей, қыста қоныс ететін жерлерінде отыра беріндер, егер бұған қөнгілерін келмесе, шелейтті аймактарға болмаса, орыс құзырындағы жерлерге көшіп кетіндер!» деп пәрмен етті. Бұған қатты қобалжыған ру басшылары Мырзахметтің адамдарына өз қауымдарынан төрт мың ділләден жинап беруге, осы параның арқасында жайлау-күзеулерге шығуға мүмкіндік алмаққа ұмтылды. Ләкін астамсыған диуанбектер төрт мың ділләні де азсынып, одан да көп қаржыны талап етті. Ру басшылары қатты сасып, не істерге амал таппады...

...Мырзахмет құшбекі Әулиеатаға келген кезінде базарда бір ауыл басшысын ұстап алды да оған: «Саған қарасты қауым бізге бес жұз діллә карыз. Тап қазір соны тауып бермесен, кол-аяғынды кесіп, мүгедек етемін, яки одан да катаң жазаға тартамын» деді. Амалы таусылған ру басшысы жылап-еніреп жүріп, әркімнен қарыз алып, құшбекінің жала-қарызынан құтылды...

...Бұрынғы хәкімдер уағында қазақ-қырғыздардың рулары жерді егістікке пайдаланғаны үшін әрқайсысы 100 ділләден акы төлейтін. Мырзахмет бұл акыны үш-төрт есеге көтерді. Салық беруші шаруалар бұдан құтылу үшін барлық астығын, малын сатты. Тиісті пұлды жиып бере алмағандар оларға күндік пен қатындыққа он-он бір жастағы қыздарын берді. Мырзахмет Дешті-Қыпшақтағы қазақтардан жақсы туқымды жылқылармен катар бетінде әрі бар сұлу



кыз-қатындарды да тартып алды. Онын диуанбектері ауылдарға келгенде жергілікті халық жылқыларын жасырды, қыздарының бетіне күйе жағып, кебежеге тықты. Мырзахметтің осындай катандар пәрмендеріне шыдай алмаған қазактың кейбір даткалары, би-оғландары дембіл-дембіл соғысқа шықты...»

1858жылы Ордабасыда қоңырат Мұсабек батырдың паруанаши Мырза бидің басын алған уақығасынан қанаттанған әр жер-әр жердегі би-батырлар өздеріне жақын мандағы кенттерге, бекіністерге тап берді. Ташкент қақпаларапының қожасы Кошық датка мен Рұстембек би бүкіл шаһарды дірілдеткен көтеріліске басшылық жасайды. Қазығұрт етегіндегі ауылдардың билері – Дауыл мен Сәбекке ерген топ, Шарапхана, Тұрбат бекеттеріндегі жау жасактарын қырып салады. Шаян бойындағы сіргелілер Иқанды талқандайды. Арыс, Сыр жағасының қоңыраттары Шардарадағы бекіністі тас-талқан етеді. Жаңақорғондағы қожалар камал бастығын суға тұнышқтырып, ләшкөрлерін шешіндіріп, тырдай жалаңаш күйлерінде далаға айдан жіберді. Ақмешіт айналасы да дүмпуге толады, Талас маны тағы отқа оранады. Ең өкінішті, жер-жерде дүмпү ұйымдастырған көтерілісшілердің тағы бастиары қосылмайды. Ұлкен шаһарлардан жеткен бес каруы сай ләшкөрлерге төтеп бере алмай, тағы қырылады, тағы елім құшады. Иә, тағы, тағы... өзекті өртеген өкініш-ай...

Қазактар бекерге көтерілген жок. Қоқан билеушілері біздің ата-бабаларымызға қатығез саясат ұстанды. Тарихқа дең койсақ, оның залымдығы қалмақ зәбірінен он есе аскан. Ол бас көтерген қазакка өлім жазасының сүмдүк тұрларін колданды. Жұт жылдары да мал, астық салығын белгіленген көлемде өткізуге бұйрық берді. Бұйрығы орындалмаған жағдайда ұрып-сокты, қырып-жойды. Осының кесірінен онтүстікегі қазактардың адам саны азайды, шаруашылығы күйреді, мал басы кеміп кетті. Осындай себеп-салдарлардың әсерінен ғой, қаншалықты қырғынға ұшырап жатса да, қазактардың жоғарыдағы көтерілістерге ұйымдақсаны.

Әлбетте, ол кезде төрт күбыласы түгел, мыңғырған малы, жайлы ғұмыры бар адамдар да өмір сүрді. Әйтсе де, ондайлар бетеннің аяғына кеудесін таптатқан жағымпаздықпен, өз ұлтын өзгеге жығып берген опасызыдықпен, ағайын-тұғанның мұддесіне емес, заманның әүеніне төңкеріліп күн кешті. Даткалардың көпшілігі осындай қалыппен өмір сүргені де дау тудырmas ақиқат.

Жоғарыда біз бірнеше рет дерек келтірген жинакта қазактарға салынған салықты тұрларі жөніндегі мәліметтер жазылған. Бұрын қыпшық, қырғыз жігіттері әскерге алынбайтын болса, Омар хан 1814 жылы шығарған жаңа жарлық бойынша, бұл пәрмен күшин жойды. Ол қазактарға салынатын салық тұрларін де өзгертті. Мұндай салық жүйесі 53 жыл бойы орындалып келді. Ол – зекет, караж, садака, үшір боп, негізгі төрт тармақтан тұрды. Зекет – адам мал-мұлік салығы бойынша үш бапқа, қараж – астық пен

жер, отын-шөп, пұл салығы бойынша бес бапқа, садака – мешіт пен медреселер салығына арналған екі бапқа, үшір – шаһар даруға-хәкімдері мен әскер ісі салығына байланысты үш бапқа бөлінді. Осы тармақтардың төрт-бес бабының өзі жаңында түршіктірді.

1-тармақтың адам салығына байланысты бабы: Эр датқа өздеріне бағынышты ауылдардан жыл сайын хан ғирамы (гарем) үшін жасы он алтыға толмаған сұлу да түр-түркі шырайлы үш қыздан сыйлап отыруы – міндегі! Салыққа шамасы келмейтін өзбекия, сартия, тәжікія, қырғызия, құрамания, ұйғырия, дешті-қыпшақия жұртының түгі жок адамдарын, жетім балаларын, панаңыз жесір қатындарын салық беруге кепілді елдердің бек-оғландары мал-мұлік салығына тенестіріп, хандық меншігіне өткізуі – міндегі!

Зекет салығына байланысты екінші бап: Жылына әрбір орта шаруа екі бас мал, бес қап көмір, төрт құшақ сексеуіл, үш жұз бау қамыс, үш десте ағаш, ал байлар бұдан екі мөлшерде салық төлеуі – міндегі! Кедей отбасылар орта шаруаға тиесілі салық мөлшерін он үйі көтеріп төлеуі – міндегі! Сексеуілі, көмірі жок ауылдардың тұрғындары бұлардың орнына үстеме түрінде бір-бір мал беруі – міндегі! Бұлармен қатар әр жанбасы даруға-хәкімдер үшін үй мұліктерін, ғаскер үшін киім-кешектер дайында беруі – міндегі!

Екінші тармақтың астық салығына байланысты бап: Эр ауыл, қышлақ, кент, еккен егістеріне қарай жыл сайын 10-15 пұттан астық өткізуі – міндегі!

Үшір салығына байланысты үшінші бап: Хан, даруға, хәкім құзырындағы арнайы шеріктерден бөлек, қышлақ-шаһарлардағы жастары он тоғыздан қырыққа дейінгі дендері сау, жарамды казақ, өзбек, сарт, құрама, тәжік, қырғыз жігіттері хандық үшін болатын соғыстарға шакырылуы – міндегі. Соғысқа барғандар ғаскер жорығы аяқталғанға дейін сапта жүргүре ықырып болмагы – міндегі!

Осы бапқа косымшасы: хәкімдер, даткалар, байлар өз балаларын соғысқа жібергісі келмесе, құзырындағы елдерден әрқайсысы бес жігіттен тауып, оларды аттармен, киім-кешекпен, ас-ауқатпен қамтамасыз етіп, ғаскерге сыйай қатарына аттандыруы – міндегі!

Қызы салығын Мәдәліден кейін хан болған Шералы жойыпты. Басқа салықтар сол күйінде қалған. Қазак даткалары әр жылдың қазан айында өз ауылдарынан жиналған салық тұрларін Ташкент шаһарындағы құшбегі құзырына тапсырып отырған. Салықтардың жартысы хан казынасына өтсе, қалған жартысы Тәшкен құшбегісінің, шаһар даруғаларының казынасына құйылған. Бұғынға санмен айтсақ, 53 жыл ішінде қазактың қаншама миллиондаған мал-мұлік жатжұрттықтардың байлығын арттырып, казынасын толтырған десейші. Жә, мал-мұлікті қойши, солармен бірге зат секілді салық түрі боп, тойымсыз хан-даруғалардың мазағына айналуға өткізілген мындаған керімдей қыздардың көз жастарын, жайтып тұған жерін көрмеген шер-зарын, желге ұшкан мұн-арманын айтсайшы...

ХАНДЫҚТЫҢ КҮЙРЕУІ

1709 жылдан 1876 жылға дейін өмір сүрген Қоқан хандығына 29 билеуші билік етті. Олардың ішінде алты-ақ ай немесе бір-ақ жыл хан болғандары да бар. Бұның барлығына ішкі қырқыстар себеп болды. Хандармен бірсесе тату, бірсесе қату болған ұлт, шаһар көсемдері өз ықпалын, дегенін жүргізуге тырысып, сәл нәрсеге бола, бүлік үйимдастырды, қөтеріліс бастады, ақырында күштісі әлсізін аяусыз жазалаған қырғынға себепші болды. 1845 жылдан кейін хандықта саяси белсенділіктері артқан қыпшақ пен қырғыз көсемдері Мұсылманқұл мен Атабек Қоқанға, Ташкентке бірнеше рет шабуыл жасап, бір кездері өздері хан сайлаған Құдиярды тақтан тайдырыды, оны қолдаушыларды қуғынға түсірді. Мұндай уакиғалар елдің саяси тұрақтылығына аса зиянын тигізді. Бірақ мұның беріне хандардың осалдығы, елдік мұддеден ғөрі қарақан бастарының қамын ойлайтын таяздығы, жақын адамдарына опасыздығы, қала берді, өзімен ниеттес қауымның ғана сөзін сөйлеп, саясатты да солардың ығына қарай жүргізетін қылыштары әсер етті.

Билеушілердің барлығы Шыңғыс хан, болмаса Ақсақ Темір үрпактары тәрізді так үшін туған туыстары мен аға-інілерін өлтіруден тайынбады және көбісі осындағы қатыгез жолмен билік басына келді. Мемлекетті дамытуға, заманға орай ғылым-білімге құлаш үрмады, тек дін-шаригат жолын тірек етті. Сөйті тұра, адамшылықта жат небір соракы қылыштарға белшeden батты.

Осынша жыл өмір сүрген, тек сарай казынасы ғана дүниесінде толған бұл хандық орыс басқыншыларына қарсы бір де бір айтулы қарсылық көрсете алмады. 1860 жылы Ұзынағаш тубінде дарынсыз да мешкей құшбегі Қанағатшаш баскарған жиырма мындық қол, саны мынға жетпейтін Колпаковскийдің отрядынан маскарасы шығып женилді. Сол жылы полковник Циммерманнның 500 адамдық қолы Тоқмақ пен Пішпек қамалдарын бытшыт қылды. Қоқан мылтығы мен зенбірегі орыстардың қаруы алдында дәрменсіз екені айқын көрінді.

1864 жылы қоқтемде генерал Черняев бастаған орыс әскері Әулиеата, Меркі, Қордай бекіністерін қалпақпен ұрып алғандай, оп-оңай басты. Сөйтіп Шымкентке таяды. Бұл кезде Акмешіттен (Акмешітті орыстар 1853 жылы жауап алған, оған Перовск деген ат берген болатын) шығып, аз уақытта Жанакорған, Созақ, Түркістанды жаулаған Веревкиннің он зенбірегі бар 800 адамдық отряды да күнгей жақтан Шымкентке жақындаған. Екі отряд Арыс жағасында түйісп, 22 қыркүйек күні Шымқаланы алды. 1865 жылдың 16 маусым күні Черняев Тәшкенді, 1866 жылы Жызақты орыс иелігіне қаратты. Содан 1876 жылға дейін, яғни генерал Скобелев Наманған, Марғұлан, Әндіжан, Қоқан қалаларын басып алғанша, Қоқан хандығы тек Ферғана жазығында ғана өмір сүріп тұрды. Бір қайғылысы, осы соғыстарда

Қоқанның әскер сапына сыйай ретінде алынған қаншама жас қазақ опат кетті.

Не десек те, Орта Азияның кейінгі тарихында орны бар Қоқанға хандығына билік еткен 29 билеушінің тарихта аты қалғандары санаулы-ақ. Бірақ, бәрібір, олардың аттары соғы үрпакқа ізгі істерімен, дана саясатымен емес, қанішерліктерімен, қатыгездіктерімен, данқұмарлықтарымен, тойымсыз дүниеконыздықтарымен қалды. Бұлардың қатарына – Шахрух бек, Елдана бек, Нарбота бек, Әлім, Омар, Мәдәлі, Шералы, Құдияр (аракідік үзілістермен бес рет хандыққа сайланған), Мәллебек сияқты хандар жатады. Айтпақшы, хан болмаса да, 1862-65 жылдары ханнан асып билік құрған қыпшақ Әлімқұлдың да бұл хандық тарихынан ойып алар орны бар. Осы Әлімқұлдың ойында не болғанын кім білген, бір тарихи деректерде ол Қоқан хандығын Қыпшақ хандығына айналдырам деген ниеті болғаны жайында мәлімет кездеседі. Кеудесінде бізге беймәлім бір арманы болған да шығар, бәлкім...

Қорыта айтқанда, мемлекеттік нышаны қарабайыр, ал үкіметтік жүйесі қатаң да орныбы болмаған, барлық саясаты зұлымдық піғылға ұласқан Қоқан хандығы қазактарға өзінің 55 жылдық басқыншылық кезеңінде көп зардап шектірді. Орта ғасырға тән зұлымдық әрекетті көп ұстанған бұл хандық қазақтың демографиялық, әлеуметтік мәселелеріне көп зиян келтірді. Өздері қырып салған қандастарымыздың орнына Ферғана, Наманған, Марғұлан өнірлеріндегі қышлактар тұрғындарын Шымқала, Сайрам, Түркістан, Иқан, Әулиеата, Созақ қалаларына көшіріп, жатжұрттықтардың урбанизациясын қолдан жасады. Орта ғасырлық мешеуліктен арылмай, хаостық тұрпатта өмір сүрді. Бұл хандық қазақ жерін түстігіндегі туыс елі – Бұхардан, солтүстігінен жылжып келе жатқан орыс отаршылдарынан қызығанып, өзіміздің бауырымызға мәңгілік басып аламыз деп ойлаған. Алайда, қаруы жойқын орыс отаршылдары келгенде камкор боламын деген қазақ даласын бір жыл да корғап тұра алмай, қайта өзі күйреудің жолына түсті.

Отаршылдық идеологиясының уағызшылары «орыстар қазақтарды зұлым қоқандықтардан құтқарып, бейбіт өмір сыйлады, өркениетке сүйреді» дейді. Рас, орыстар қоқандықтарға қарағанда бізді өркениетке бір табан болса да жақындасты. Бірақ олардың да қазаққа шектірғен зәбірі көп-ті, бейбіт өмір сыйлағаны да жалған. Біз со кезде тұлқі талауынан құтыльп, арыстанның жемтігіне айналған ел болдық... Мен Қоқан басқыншылығының зұлматты шындығын көрсететін қөркем әдебиет тұрғысында үш кітап жаздым. Трилогияның үшінші кітабы жарыққа шықкан. Біріншісі баспаханада жатыр, екіншісі дайындалу үстінде.

Иә, жазған халқымыздың басынан қандай замандар етпеді деңіз. Сол заман тұрғысынан қарасақ, қазақтың тәуелсіздік алуына әлі талай уақыт бар еді...